



**2016 жылдың «20» мамыры
«Қазақстандық бокс федерациясы» ҚН ЗТБ
Жылдық конференциясының шешімімен
БЕКІТІЛДІ
№21 хаттама**

**«ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БОКС ФЕДЕРАЦИЯСЫ»
Қауымдастық түрінде біріккен занды тұлғалар бірлестігінің
ЖАРҒЫСЫ**

ЖАРҒЫСЫ

Астана каласы

1-бап. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. «Қазақстанның бокс федерациясы» ассоциациясы (бұдан әрі – Ассоциация) түріндегі заңды тұлғалар бірлестігі заңды тұлға болып табылады және өз қызметін Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексімен, Қазақстан Республикасының «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңымен, Қазақстан Республикасының «Дене шынықтыру және спорт туралы» Заңымен, Халықаралық олимпиялық комитеттің Олимпиялық хартиясымен, «Қазақстан Республикасының Ұлттық олимпиялық комитеті» КБ (бұдан әрі – ҚР ҰОК) Жарғысымен және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерімен (бұдан әрі бірлесе – заңнама деп аталады), осы Жарғымен (бұдан әрі – Жарғы), сондай-ақ Халықаралық Бокс Ассоциациясы (AIBA) Жарғысымен сәйкестікте жүзеге асырады. Олимпиялық қозғалысқа тиесілі ҚР ҰОК мүшесі осымен Олимпиялық хартияның және Дүниежүзілік допингке қарсы кодекстің ережелерін сақтауга және AIBA мен ҚР ҰОК шешімдеріне бағынуға міндеттенеді. Ассоциация қызметінің мәні мен мақсаттарына сәйкес, Олимпиялық қозғалысты ілгерілету бойынша іс-шараларға ұлттық деңгейде қатысуға міндеттенеді. Ассоциация спорттық этиканы ілгерілетуді қолдау және көтермелебеу, допингпен құресу міндетін өзіне алады.

1.2. Қауымдастық Қазақстан Республикасының олимпиялық спорт түрлері жөніндегі ұлттық федерациялардың қызметін шоғырландырып үйлестіру мақсатында «Спорттық жекпе-жек және күш қолданылатын спорт түрлері конфедерациясы» қауымдастық нысанындағы заңды тұлғалар бірлестігінің мүшесі болып табылады.

1.2.1. Қауымдастық ҚР ҰОК айрықша құқығын мойындайды:

- Қазақстан Республикасын ХОК, Ұлттық олимпиялық комитеттер ассоциациясы (ҰОКА), Азия Олимпиялық кеңесі (АОК) және басқа да бүкіләлемдік спорт ұйымдары мен ассоциацияларының патронатымен өтетін олимпиялық ойындарда, аймақтық, континентальдық немесе әлемдік кешенді спорт сайыстарында, ҚР ҰОК спортшыларды мәлімдеу және аталған сайыстарға жіберу құқығымен ұсынуға;
- Қазақстан Республикасы делегациясының ХОК, Ұлттық олимпиялық комитеттер ассоциациясы (ҰОКА), Азия Олимпиялық кеңесі (АОК) және басқа да бүкіләлемдік спорт ұйымдары мен ассоциацияларының патронатымен өтетін олимпиялық ойындарда, аймақтық, континентальдық немесе әлемдік кешенді спорт сайыстарында, ҚР ҰОК спортшыларды мәлімдеу және аталған сайыстарға жіберу құқығымен болу тәртібін қалыптастыруға және белгілеуге».

1.3. Қауымдастықтың толық атауы:

- мемлекеттік (қазақ) тілде - «ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БОКС ФЕДЕРАЦИЯСЫ» қауымдастық нысанындағы заңды тұлғалар бірлестігі;

- орыс тілінде - **Объединение юридических лиц в форме ассоциации «КАЗАХСТАНСКАЯ ФЕДЕРАЦИЯ БОКСА»;**
- ағылшын тілінде - **Union of legal entities in the form of an association «KAZAKHSTAN BOXING FEDERATION».**

Қауымдастықтың қысқаша атауы:

- мемлекеттік тілде - **«ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БОКС ФЕДЕРАЦИЯСЫ»;**
- орыс тілінде - **«КАЗАХСТАНСКАЯ ФЕДЕРАЦИЯ БОКСА»;**
- ағылшын тілінде – **«KAZAKHSTAN BOXING FEDERATION».**

1.4. Қауымдастықтың орналасқан жері: 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Сейфуллин көшесі, 35-үй, 28 кеңсе.

1.5. Қауымдастықтың өзіндік балансы, банктік шоттары, мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде өзінің толық атауы мен басқа реквизиттері көрсетілген мөрі, мөртабандары мен бланктері болады.

1.6. Қауымдастықтың өз туы, жалаушасы, танымбелгісі, айырымдық омырау белгісі және Қауымдастықтың жоғары басқару органы ұлгілерін бекітетін әрі заңнамамен орнатылған тәртіpte тіркелетін басқа да бейнелемелері бола алады.

1.7. Қауымдастық заңды тұлғалардың ерікті ниетінің негізінде және олардың қызметін үйлестіру әрі жалпы мұдделерін қорғау үшін құрылған коммерциялық емес үйым болып табылады.

1.8. Қауымдастық өз міндеттемелері бойынша оған тиесілі барлық мүлікпен жауап береді және өз мүшелерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Қауымдастықтың нақты мүшелері оның міндеттемелері бойынша Қауымдастықтың мүлкіне салынған жарналарының (ағымдағы жылдағы кіру және мүшелік жарналары) екі есе көлемінде ортақ жауапкершілік артады.

1.9. Қауымдастық Халықаралық Қауымдастық (AIBA) Жарғысын басшылыққа ала отырып, жынысы, нәсілі, ұлты, тілі, діні, саяси немесе басқа көзқарастары, әлеуметтік шығу тегі сияқты кез-келген белгі бойынша кемсітуге жол бермейді.

1.10. Қауымдастықтың жарғылық қызметі мақсатында Қазақстан Республикасы аймағында филиалдары мен өкілдіктері бар.

2-бап. ҚАУЫМДАСТЫҚ ҚЫЗМЕТИНІҢ МӘНІ ЖӘНЕ МАҚСАТТАРЫ

2.1 Қауымдастықтың құрылу мақсаты дәстүрлік, тәрбиелік, мәдени және спорттық құндылықтарды ескере отырып, Қазақстан Республикасында боксты барлық нысандардағы спорт түрі ретінде дәріптеу болып табылады.

2.2 Қауымдастық қызметінің мәні келесілер болып табылады:

- жоғары білікті спортшыларды, нұсқаушыларды, бапкерлерді, бокс бойынша спорттық төрешілерді ғылыми-дәлелді дайындау және тәрбиелеу;
- шетелдерде оқыту және тәжірибеден өткізуді қосқанда, бокс бойынша ұлттық құрама команданы тиімді жаттықтыру және спортшыларды

- қалпына келтіру үрдісі үшін жағдайлар жасау;
- Қазақстан Республикасының бокс бойынша құрама командаларын қалыптастыру үшін болашағы зор боксшыларды тәрбиелеу;
 - спортшылардың денсаулығын қорғау және допингтер, сонымен қатар, басқа да бекітілмеген дәрі-дәрмектер мен жаттықтыру әдістемелерін пайдалануға жол бермеу;
 - спортшыларды, бапкерлерді, мамандарды және бокс ардагерлерін әлеуметтік қорғауды, олардың құқықтары мен мұдделерін қорғауды қамтамасыз ету, кәсіподак және ардагерлік спорттық бірлестіктермен өзара әрекеттесу;
 - Қазақстан Республикасында боксты дамытудың түрлі әлеуметтік және қаржылық мәселелерін шешуге ықпал көрсету;
 - Қауымдастық мүшелерінің жалпы мұдделерін қорғау, әр түрлі халықаралық федерациялар арасындағы бірлікті қолдау;
 - Олимпиялық ойындарға, Әлем чемпионаттарына, Азия чемпионаттарына және Азия ойындарына, сонымен қатар, басқа да халықаралық жарыстар мен турнирлерге қатысуға дайындық жасау кезінде спортшылар мен бапкерлерге көмек көрсету;
 - Қазақстан Республикасында боксты кешендік дамыту мәселелері бойынша Қауымдастық мүшелерінің қызметін үйлестіру;
 - Қауымдастық бекіткен ережелер мен қағидаларға сәйкес бокс бойынша жарыстар жүргізу;
 - Халықаралық Бокс Қауымдастырының (AIBA) ережелеріне сәйкес, бокс бойынша халықаралық жарыстар мен чемпионаттар жүргізу және үйімдастыру;
 - қазақстандық бокстың халықаралық беделін арттыру;
 - боксты насихаттау әрі Қазақстан Республикасы боксшыларының және әлемнің үздік боксшыларының қатысу нәтижелерін қофамдыққа кеңінен таныстыру;
 - Қауымдастықтың және Қауымдастық мүшелерінің қызметінің он имиджін қалыптастыру;
 - боксты дамытуға ықпал жасайтын қорлар мен филиалдар құру;
 - Қауымдастықтың материалдық-техникалық және қаржылық базасын нығайту.
- 2.3 Қауымдастық мақсаттарын іске асыру үшін қызметтің келесі түрлері жүзеге асырылады:
- боксты дамыту бойынша деңе шынықтыру-сауықтыру, спорттық қызметтер көрсету;
 - конференциялар, семинарлар, фестивальдар, мерейтойлық іс-шаралар, байқаулар, жарыстар және басқа да бұқаралық іс-шаралар үйімдастыру және өткізу;
 - Қауымдастықтың атынан шәкіртақылар, гранттар, сыйакылар, сыйлықтар, марапаттар құру;
 - аудио-, фото-, видео-, кино өнімдері және басқалар түріндегі баспа және

электронды сақтауыштарда ақпараттық материалдар дайындау және тарату;

- демеушілік, ерікті қайырымдылықтар және басқа да қаражаттар түрінде жәрдемдер көрсету және тарту;

- заңнамамен тыйым салынбаған басқа да қызмет түрлері.

2.4 Қауымдастықтың жарғылық мақсаттарына сәйкес келетін кәсіпкерлік қызметті Қауымдастықтың жүзеге асыруға құқығы бар. Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудан алынған табыстар Қауымдастықтың жарғылық мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуге жіберіледі және Қауымдастықтың мүшелері арасында таратыла алмайды.

2.5 Қауымдастық кәсіпкерлік қызмет бойынша табыстар мен шығындарға есеп жүргізуі тиіс.

2.6 Қауымдастық тиісті заңға сәйкес ұйымдастырылған және өткізілген бокс бойынша жарыстар мен басқа турнирлерге байланысты барлық құқықтардың бастапқы иесі болып табылады. Бұл құқықтар кез-келген каржылық құқықтардан, дыбыс-бейне туындысы және радиожазба, трансляция, маркетинг және жарнама, авторлық құқыққа байланысты танымбелгі құқықтарынан тұрады.

2.7 Қауымдастықтың жарыстарды, турнирлерді, сонымен қатар, олардың дыбыс-бейне және басқа орталардағы домендеріне сәйкес келетін басқа көрсетілімдерге рұқсат етілген түрде трансляциялауға айрықша құқығы бар.

3-бап. ҚАУЫМДАСТЫҚТЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРИ

3.1 Жарғылық мақсаттарын жүзеге асыру үшін Қауымдастық құқылы:

- заңнамамен орнатылған тәртіpte банктерде шот ашуға;

- мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде өзінің толық атауы мен басқа реквизиттері көрсетілген мөрі, мөртабандары және бланктері болуға;

- өз туы, жалаушасы, танымбелгісі және айырымдық омырау белгісі, әрі заңмен орнатылған тәртіpte тіркелетін өз атауы көрсетілген басқа да бейнелемелері болуға;

- меншігінде жекеленген мүлкі, сонымен қатар, өзіндік балансы болуға;

- мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар алуға және жүзеге асыруға;

- басқа заңды тұлғалар, лигалар, спорттық клубтар және басқаларды құруға;

- Қауымдастықтың филиалдары мен өкілдіктерін ашуға;

- Қауымдастықтар мен одактарға кіруге, сонымен қатар, олардың қызметіне қатысуға;

- Қазақстан Республикасының ұлттық бокс федерациясы ретінде Халықарлық бокс Қауымдастығына (AIBA) мүшелікке кіруге;

- жарғылық мақсаттарын жүзеге асыруға қаражаттарды пайдалануға;

- сотта талап қоюшы және жауапкер болуға;

- мемлекеттік органдармен келісімдер, меморандумдар жасай отырып, олармен ынтымақтасу;

- мемлекеттік тапстрыстарды орындау бойынша байқауларға қатысу;

- бокс спорт түрі бойынша спорттық іс-шаралар ұйымдастыру және өткізу;
- бокс спорт түрі бойынша спортшыларды дайындау жүйесін жетілдіру;
- күзырет шегінде спортшының бір дене шынықтыру-спорт ұйымынан екіншісіне өтуді ұйымдастыруға қатысу;
- тиісті халықаралық жарыстарды өткізетін халықаралық спорт ұйымдарының нормаларына сәйкес Қазақстан Республикасының бокс бойынша құрама командаларының атынан шығуға құқығы жоқ спортшыларды бокс спорт түрі бойынша халықаралық спорт жарыстарына қатысуға шектеу белгілеу;
- Қазақстан Республикасының бокс спорт түрі бойынша құрама командаларының бейнемелерін пайдалануға құқылы болу;
- спорт пәндерін спорт түрлері тізіліміне енгізу туралы ұсыныс жасау;
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған түрлі көздерден боксты дамыту үшін ұсынылатын қаржылық және өзге қолдау алу;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа құқықтарды жүзеге асыру.

3.2 Қауымдастық міндетті:

- Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауға;
- заңнамамен орнатылған тәртіпте салықтар төлеуге және бюджетке міндетті төлемдер жүргізуге;
- өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі мүлікпен жауап беру;
- Халықаралық бокс Қауымдастығының (AIBA) нақты мүшесі ретінде, Қауымдастық Халықаралық бокс Қауымдастығының (AIBA) Жарғысын, ережелерін, нұсқауларын, Этика кодексін, Техникалық ережелерін, Халықаралық бокс Қауымдастығының (AIBA), сонымен қатар, Бүкіләлемдік Допингке қарсы Агенттіктің келісім-шарттары мен шешімдерін сақтауға міндетті;
- Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес жауапкершілік көтеру;
- боксты дамыту және насихаттау;
- халықаралық спорт ұйымдарының талаптарына сәйкес дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті органдың келісімімен бокс спорт түрі бойынша ереже әзірлеу және бекіту;
- бокс бойынша кешенді мақсатты бағдарламалар және Қазақстан Республикасының бокс бойынша құрама командаларының спортшыларын дайындауға арналған жеке жоспарлар әзірлеу;
- дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті органдармен республикалық спорт федерациялары өткізетін жарыстар туралы ережені (регламентті) әзірлеу және келісу;
- Қазақстан Республикасының бокс бойынша құрама командаларын халықаралық спорт жарыстарына дайындау мен қатысады қамтамасыз ету;
- бокстан ардагер-спортшыларды халықаралық және республикалық спорт жарыстарына дайындау мен қатысады қамтамасыз ету;
- дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті органға боксты дамыту бойынша ақпарат беру;
- спортта кез келген кемсіту мен зорлық түрлеріне жол бермеу;

- спорттық-бұқаралық іс-шаралардың бірынғай республикалық күнтізбесін әзірлеу және жүзеге асыру;
- бокс бойынша талаптар мен нормаларды бірынғай спорт жіктеліміне және жаттықтырушыларды аттестаттау бойынша біліктілік талаптарына енгізу мақсатында оларды дene шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті органға белгіленген тәртіпте ұсыну;
- бокстан спорт төрешілерін дайындауды жүзеге асыру;
- жаттықтырушыларды қайта даярлауды, жаттықтырушыларды, спорт төрешілерін және дene шынықтыру және спорт саласындағы мамандарды аттестаттауды жүзеге асыру;
- спортшылар мен жаттықтырушыларға спорт дәрежелерін және разрядтарын, нұсқаушы-спортшыларға, жаттықтырушыларға, дene шынықтыру және спорт саласындағы мамандарға, спорт төрешілеріне санаттар беруге арналған құжаттарды дene шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті органға ұсыну;
- спортшыларды тіркеу;
- спортшылардың, аттестатталған спорт төрешілерінің, жаттықтырушылардың тізілімін жүргізу;
- Қазақстан Республикасының допингке қарсы ережелеріне сәйкес допингті пайдалануға жол бермеу;
- Қазақстан Республикасының және бокс бойынша халықаралық спорт федерацияларының допингке қарсы ережелерін бұқаралық ақпарат құралдарына қазақ және орыс тілде жариялау немесе өз интернет-ресурстарына орналастыру;
- Қазақстан Республикасының допингке қарсы ережелеріне сәйкес жарыс, сондай-ақ жарыстан тыс кезенде тест жүргізу мақсатында спортшылардың тізімін құру үшін ұлттық допингке қарсы ұйымға қажетті ақпарат беру;
- Қазақстан Республикасының допингке қарсы ережелеріне сәйкес спортшыларды жарыс, сондай-ақ жарыстан тыс кезенде тестілеуге жататын спортшылардың тізіміне қосу туралы хабардар ету;
- допингке қарсы ережелерге сәйкес спортшыларды тестілеуге жәрдемдесу;
- спортшылардың, сондай-ақ жаттықтырушылардың, дene шынықтыру және спорт саласындағы басқа да мамандардың спорттық жарысқа қатысатын спортшыларға қатысты допингке қарсы ережелерді бұзу туралы тиісті допингке қарсы ұйымның шешімі негізінде және оны орындау мақсатында санкциялар қолдану (соның ішінде спортшыларды жарыстан шығарып тастау);
- дene шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті органды, ұлттық допингке қарсы ұйымды, бокс бойынша халықаралық спорт федерациясын колданылған санкциялар туралы хабардар ету;
- әдістемелік жұмыстың нәтижелері негізінде дene шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті органға бокс спорт түрін дамыту жөніндегі ұсынымдар беру;

- кәсіптік спортты дамыту бойынша міндеттерді орындау;
- нақты шынайы және ұзақмерзімдік спорттық қызметпен айналысу, ХОК-пен танылған AIBA мүшесі болып табылу, Олимпиялық хартияны басшылыққа алу және оны да, AIBA ережелерін де барлық жағынан сактау;
- Ассоциациямен мәлімделген Қазақстан Республикасы делегациясы мүшелерінің жүріс-тұрысы үшін ортақ жауапкершілікте болу;
- үйлесімді қарым-қатынас орнатуға тиіс болған Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен ынтымақтастықта болу және үйлесімді қарым-қатынастарды дамыту;
- ҚР ҰОК-ге Олимпизмнің іргелі қағидалары мен құндылықтарын ілгерілетуде жәрдемдесу;
- ҚР ҰОК басқару органдарының шешімдерін орындау;
- ҚР ҰОК басқару органдарына өзінің қызметі туралы ақпарат беріп отыру және ҚР ҰОК Атқару Комитетіне ҰФ басқару органдарымен қабылданған шешімдерді жолдау;
- мүшелік және өзге де жарналарды уақытылы төлеу (*ҚР ҰОК оларды белгілеген жағдайда*);
- ҚР ҰОК-ге төмендегілерге қатысты маркетингтік құқықтар кешенін беру:
 - спортшының тиісті шарттық қатынастар шенберіндегі, ҚР заңымен белгіленген тәртіпте, Ассоциацияның және AIBA-ның ережелеріне қайшы келмейтін беделі;
 - ҚР ҰОК юрисдикциясымен өтетін сайыстар, егер бұл ұлттық федерацияның және тиісті халықаралық ұйымның ережелеріне қайшы келмейтін болса;
 - жергілікті спорт федерацияларымен, ҚР орталық және жергілікті мемлекеттік органдарымен өзара әрекеттестікте бола отырып, спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалары мүшелерінің құрамын дайындауға, қалыптастыруға, бекітуге, сондай-ақ Олимпиялық ойындарда, жастар арасындағы Олимпиялық ойындарда және басқа да кешенді халықаралық спорттық іс-шараларда өнер көрсетуі үшін оларды қамтамасыз етуге қатысу;
- ҚР ҰОК юрисдикциясындағы дене шынықтыру және спортты дамыту бағдарламаларын іске асыруға қатысу;
- Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан, қызметі ҚР ҰОК қызметіне ұқсас ұйымдарға мүше болмау;
- өзінің ҚР ҰОК-ге мүшелігі себеп болған құрылтай құжаттарына қажетті өзгертулер мен толықтыруларды AIBA-мен өзара тығыз әрекеттестікте және олардың тиісті жарғыларымен және қолданылатын нормаларымен сәйкестікте енгізу;
- өзінің тиісті халықаралық федерациямен өзара тығыз әрекеттестікте және олардың тиісті жарғыларымен және қолданылатын нормаларымен сәйкестікте қаралуы тиіс болған құрылтай құжаттарына енгізілетін өзгертулер мен толықтырулардың мәтіндерін келісу үшін ҚР ҰОК-ге

жолдау;

- Ассоциацияның басқару органдарының отырыстарының белгіленген күнінен бір ай бұрын, оның ішінде лауазымды тұлғаларды тағайындау мәселелері бойынша да, ҚР ҰОК-ге күн тәртібі мәселелеріне қатысты барлық қажетті құжаттаманы қоса бере отырып, тиісті түрде жазбаша хабарлау;
- ҚР ҰОК-мен келісілуі бойынша, Ассоциацияның басқару органдарының отырыстарына ҚР ҰОК өкілін байқаушы ретінде қосу;
- аккредиттелген республикалық спорттық федерациялар үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен қарастырылған міндеттерді жүзеге асыру.
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен, ХОК Олимпиялық Хартиясымен, осы Жарғымен және ҚР ҰОК-нің оның Жарғысымен сәйкестікте қабылданған шешімдерімен қарастырылған өзге де міндеттерге ие болу.
- Ассоциация бейнелемесінде (ту, елтаңба, әнұран және басқасы) Олимпиялық меншік элементтері және ҚР мемлекеттік нышандары болмауы тиіс.
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да міндеттерді орындау.

3.3 Қауымдастық Халықарлық бокс Қауымдастығының (AIBA) Жарғысына, Халықарлық бокс Қауымдастығы (AIBA), Халықарлық бокс Қауымдастығының (AIBA) Конференциялары және мүшелері қабылдаған ережелер мен шешімдерге байланысты даулар мен өтініштерді шешу үшін Спорттық төрелік сottың (CAS) көмегіне жүгінуге міндеттенеді.

3.4 Қауымдастық бокс бойынша республикалық, халықаралық жарыстар мен чемпионаттар, соның ішінде олимпиялық боксты AIBA (AOB) және кәсіптік боксты AIBA (APB) жүргізу және ұйымдастыру үшін жауапкершілік артады.

3.5 Қауымдастық іс-шараларды халықаралық деңгейде жүргізу үшін, «Boxing Marketing Arm» АҚ Маркетингтік агенттігін AIBA (APB) кәсіпқойлық боксына арналған бірден бір эксклюзивті промоутер ретінде таниды.

4-бап. ҚАУЫМДАСТЫҚТЫҢ МҰЛКІН ҚАЛЬПАСТАСТЫРУ КӨЗДЕРІ

4.1 Қауымдастықтың мұлкі ғимараттар, имараттар, орынжайлар, өндірістік, әлеуметтік-мәдени тағайындаудағы объектілер, жер участеклері, қаржылық және көліктік қаражаттар және Қауымдастық балансында тұрған және оның меншігі болып табылатын басқа мұлік болып табылады.

4.2 Қауымдастықтың мұлкі келесі көздерден құралады:

- Қауымдастықтың құрылтайшылары мен мүшелерінен түсken қаражаттардан;
- ерікті мұліктік журналардан және қайырымдылықтардан, демеушілік көмектен;
- ұйымдар мен мемлекет тарапынан түсken мақсатты қаржыландырудан

(гранттар);

- Қауымдастық қызметінен түскен түсімдерден (табыстардан);
- акциялар, облигациялар, басқа құнды қағаздар мен салымдар бойынша алынған дивидендтерден, сыйақылардан;
- тауарларды, жұмыстарды өткізуден және ақылы қызмет көрсетуден түскен түсімдерден;
- нернамалық және демеушілік іс-шараларынан түскен табыстардан;
- Қауымдастықтың иелігінде тұрған орынжайлар мен негізгі құралдарды жалға беруден түскен түсімдерден;
- колданыстағы заннамамен тыйым салынбаған басқа түсімдерден.

43 Қауымдастықтың қызметін қамтамасыз ету үшін Қауымдастықтың мүшелері келесі жарна түрлерін төлейді: кіру, мүшелік, мақсатты және басқа да жарна түрлері. Мақсатты жарналардың көлемі, тәртібі, мерзімі және төлем жиынтықтары Атқарушы комитетпен белгіленеді. Кіру, мүшелік және мақсатты жарналар Қауымдастықтың оңтайлы қызмет атқаруына және нақты іс-шаралар мен бағдарламаларды іске асыруға қажетті мақсаттарға арналады.

44 Қауымдастық мүшелерінің жарналары, Қауымдастық алған мүлік, анықтаған қатар, алынған табыстар Қауымдастықтың меншігі болып табылады.

45 Қауымдастықта меншіктік құқық негізінде тұрған мүлік оның мүшелерінің арасында, оның ішінде, олардың Қауымдастықтан шығуы барысында таратыла алмайды.

5-бап. ҚАУЫМДАСТЫҚ МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРИ

5.1 Қауымдастықтың мүшелері олимпиялық спорт түрі, бокс бойынша облыстық/өнерлік федерациялардың мәртебесіне ие коммерциялық емес ұйымдар бойынша табылады.

5.2 Қауымдастық мүшелері өздерінің дербестігін және занды тұлға жаңыларын сақтайды.

5.3 Қауымдастықтың мүшелері құқылы:

- Конференцияның отырыстарына қатысуға, онда дауыс беруге;
- Конференцияның құн тәртібіне Қауымдастық қызметіне байланысты мүшелерді енгізуге және оларды талқылауға қатысуға;
- Қауымдастықтың басқару органдарынан Конференция шешімдерін орындау бойынша істердің күйі туралы сұрауға;
- өз қалауы бойынша Қауымдастықтың барлық іс-шараларына қатысуға;
- Қауымдастықтың қызметі, оның жоспарлары мен бағдарламалары туралы ақпарат алуға;
- Қауымдастықтан сабагаттық, әдістемелік және басқа көмек алуға;
- Қауымдастықтың танымбелгісін өз фирмалық белгісінде пайдалануға және Қауымдастықтың келісімімен өзінің фирмалық бланктарінде Қауымдастыққа тиистілігін көрсетуге;
- мүлікті Қауымдастық меншігіне беруге;
- осы Жарғының 6.7-6.9-тармақтарына сәйкес, Қауымдастық мүшелігінен

турде шығуға.

5.4 Қауымдастықтың мүшелері міндетті:

- Қауымдастық Жарғысына және Қазақстан Республикасының қолданыстағы ғарнитурасына сәйкес әрекет етуге;
- Қауымдастықтың мүшелері, олардың құрамына кіретін спортшылар және тәртіпте спорт түрі ретінде бокспен байланысты кез келген тұлғалар немесе Қауымдастық мүшелер бокс бойынша Халықаралық қауымдастықтың (AIBA) ғарнитурасын сақтауға;
- Қауымдастықтың басқару органдарының шешімдерін орындауға;
- Қауымдастық Жарғысымен тиісті басқару органдарының шешімдерімен қарастырылған көлемдерде, тәртіпте, мерзімдерде және нысанда мүшелік және қарастық жарналар төлеуге;
- Қауымдастыққа өз қызметін жүзеге асыруға және жарғылық мақсаттарға төлеуге жәрдемдесуге;
- Қауымдастыққа занды тұлғаның мекенжайының өзгеруі, қайта құрылуы туралы уақытында хабарлауға;
- Қауымдастықпен федерациялардың бірінші басшыларын тағайындау туралы төлеуге (сайлау, өкілеттілікті мерзімінен бұрын тоқтату);
- етеннің құрылтай құжаттарын осы Жарғының нормаларына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келтіруге;
- Қауымдастықтың Ревизиялық комиссиясына өз құжаттамасына рұқсат беруге;
- тоқсан сайын Қауымдастықтың Ревизиялық комиссиясына өз қызметі туралы есеп ұсынуға;
- жыл сайын, Қауымдастықтың жылдық Конференциясын/Атқарушы комитетін өткізуден бұрын өз қызметінің өткен жылғы нәтижелері туралы есеп ұсынуға;
- Қауымдастықтың қызметі туралы құпия ақпаратты таратпауға;
- Қауымдастықтың қызметіне байланысты мәселелерді шешуге қажетті әкпараттарды уақытында ұсынуға.

6-шап. ҚАУЫМДАСТЫҚҚА МҮШЕЛІККЕ ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ ОДАН ШЫҒУ ШАРТТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ

6.1 Қауымдастыққа жаңа мүшени қабылдау мынадай тәртіпте жүзеге тартылады:

6.2 Занды тұлғаның атынан әрекет ететін уәкілетті тұлға Қауымдастық Президентінің атына жазбаша өтініш жолдайды, оған құрылтайлық шарттың, жарғының, занды тұлғаны тіркеу туралы куәліктің, бірінші басшыны тағайындау туралы шешімнің, лицензияның (қолда бар болса) материалдық куәландырылған көшірмелерін қоса тіркейді.

6.3.1 Қауымдастыққа жаңа мүшени қабылдау Қауымдастық Президентінің бірірінен, Қауымдастық мүшелерінің келісімімен жүзеге асырылады. Қауымдастық мүшелерінің келісімі тиісті хаттамамен расталады, бұл ретте шарттай дауыс беру мүмкіндігі қарастырылады.

6.3.2 Мүшелікке кандидат Қауымдастық мүшелігіне қабылдау туралы шығарылған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде кіру мүшелік жарналарды төлеуге міндettі. Мүшелік және кіру жарналары алынған ақша қаражаттары Қауымдастықтың есептік шотына табылады.

6.3.3 Кандидат оның мүшелігі туралы оң шешімді қамтитын бұйрыққа қол табыладып, кіру жарнасын енгізгеннен кейін Қауымдастықтың мүшелігіне табылғанда деп саналады.

6.4 Қауымдастық мүшелігі ерікті немесе Қауымдастықтың Атқарушы тегінің шешімі негізінде тоқтатылуы мүмкін.

6.5 Мүшенің Қауымдастықтан шығуы жоспарланған шығу мерзіміне дейін бұрын Қауымдастық Президентінің атына шығу туралы тиісті жағдайда етініш беру арқылы кез келген уақытта жүзеге асырылады. Бұл ретте Қауымдастықтың шығатын мүшесі Қауымдастықтан шыққанға дейін ғындаған Қауымдастықтың міндettемелері бойынша шығу сәтінен бастап етінің бойы өз жарнасына пропорциялы түрде біріккен жауапкершілік жетереді.

6.6 Келесі жағдайлар Қауымдастық мүшелігінен шығаруға негіз болып табылады:

- осы Жарғының, Қауымдастықтың басқару органдарының шешімдерін орындау;
- құпия ақпаратты жариялау;
- күнтізбелік жыл ішінде қарастырылған мүшелік, кіру, мақсатты және басқа да жарналарды төлемеу;
- Қауымдастық тарапынан алдын ала келісім алусыз, қызметі қандай да дәрежеде бокс спорт түрімен байланысты, ұқсас қауымдастықтарға, әрлестіктерге немесе басқа ұйымдарға мүшелікке кіру.
- әзінің Қауымдастық алдындағы міндettемелерін жиі орындаmasa, немесе тиісінше орындаmasa;

6.7 Қауымдастық мүшелерінің құқықтары үшінші тұлғаларға тапсырылуы мүмкін.

6.8 Қауымдастық мүшелігінен шығу Қауымдастық Президентінің атына Қауымдастық мүшелігінен шығу туралы өтініш беруі арқылы жүзеге асырылады. Президент Атқарушы комитет мүшелерінің ұсынымдарын есептремен, бұйрық шығарады.

6.9 Қауымдастық мүшелігінен шығу туралы өтініш бергеннен кейін бір кешіктірмей Қауымдастықтың Атқарушы комитеті мүшениң Қауымдастыққа қатысты бұрын өзіне қабылдаған міндettемелерін орындау тәртібін белгілеуге міндettі.

6.10 Кіру, мүшелік және мақсатты жарналар қайтаруға жатпайды.

6.11 Қауымдастық қатысушыларының біреуінің жойылуы немесе қайта Қауымдастырылуы оның қызметін тоқтатпайды.

7-бап. ҚАУЫМДАСТЫҚТЫҢ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫНЫҢ

ҚҰРЫЛЫМЫ, ҚАЛЬПАСУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ҚҰЗЫРЕТТІЛГІ

71 Нұғымдастықтың басқару органдары келесілер болып табылады:

- Атқаруышы басқару органы – Конференция;
 - Атқарушы органдар: Атқарушы комитет; Атқарушы комитет бюросы;
 - Атқарушы орган – Ревизиялық комиссия.

7.2. Коммерциялық емес ұйымдар үшін КР заңнамасымен қарастырылған қағидаларын қамтамасыз ету үшін, Ассоциация қызметінің мәніндең мәжсүттіктерін ала отырып, Ассоциация басқару органдарының жетекшілігінде орналасқанда оның мүмкіндігіндең көбінесе келесі ережелерді ескеруі тиіс:

- 1) Қырыйтайшылар мен бастамашы азаматтардың құрамына қарамастан, Ассоциация өзіне өзінің спорт түрі бойынша барлық аккредиттелген жергілікті спорт федерацияларын басқару органдарындағы дауыс беру күтілемен қамтуы тиіс;
 - 2) Ассоциацияның басқару органдарының мүшелері өз міндеттерін атқармадық негіздерде орындайды (аккредиттелген жергілікті спорт федерациялары үшін жылсайынғы мүшелік жарналарды қоспағанда);
 - 3) Ассоциация жоғары, атқару және бақылау органдарының отырыстарын жылтына бір реттен сирек өткізбейді;
 - 4) Дауазымды тұлғалар мен Ассоциация басқару органдары мүшелерінің құрамын сайлау Ассоциацияның жарғысымен сәйкестікте, төрт жылдан аспайтын уәкілдептік мерзіміне жүргізуі тиіс (қайтадан сайлану құқығы мүмкін);
 - 5) ҰФ жоғары басқару органының дауыс беруші көпшілігі спорт түрі бойынша жергілікті аккредиттелген спорт федерацияларының (олар бар болған жағдайда) өкілдерінен құралуы тиіс.

8-бап. КОНФЕРЕНЦИЯ

3.1 Қауымдастықтың жоғары басқару органы Конференция болып табылады, ол Қауымдастық мүшелерінің уәкілетті өкілдерінен тұрады. Өкілдің уәкілеттілігі сенімхатпен расталады. Қауымдастық мүшелері өз өкілдерінің көлемін өзгертуге құқылы.

2 Конференцияның айырықша күзыретіне келесі мәселелер жатады:

- Атқарушы комитеттің және Ревизиялық комиссияның есептерін бекіту;
- орнатылған шектерде Қауымдастықтың басқа заңды тұлғаларды, алғашқыларды мен өкілдіктерін құруға немесе олардың қызметтеріне турашы туралы шешімдер қабылдау;
- Қауымдастықты ерікті қайта құру және жою туралы шешім қабылдау;
- Қауымдастықтың жою комиссиясының құрамын және жою тендерін бекіту;
- спорт түрі бойынша кешенді мақсатты бағдарламаны бекіту;
- (резервтік, спортшылар мен бокс ардагерлерін әлеуметтік қорғау және т.б.) қалыптастыру туралы шешім қабылдау;
- Қауымдастық туының, жалауашасының, танымбелгісінің және мемшылық омырау белгісінің ұлгілерін бекіту;
- Қауымдастықтың «Құрметті президент», «Құрметті вице-президент», «Құрметті мүшесе» атақтарын беру.

8.3 Конференциялар жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді. Қауымдастық жыл сайын жылдық Конференция өткізуге міндettі. Басқа Конференциялар кезектен тыс болып табылады.

8.4 Жылдық Конференцияны Президент шақырады.

8.5 Кезектен тыс Конференция келесілердің бастамасы бойынша шақырыла алады:

- Президенттің;
- Атқарушы комитеттің;
- Ревизиялық комиссияның;
- Қауымдастықтың нақты мүшелерінің жалпы санының 2/3 бөлігімен.

8.6 Кезектен тыс Конференция өткізу туралы ұсыныс Қауымдастықтың Президентіне себептері мен күн тәртібі көрсетілүмен жазбаша түрде жиберіледі. Сонымен бірге, Конференция Президентке мәлімденген күннен бастап 2 (екі) айдан кешіктірілмей шақырылады. Мәлімдеме күні болып кезектен тыс Конференцияны шақыру туралы ұсыныспен жазбаша мәлімде алынған күн саналады.

8.7 Конференция өткізу туралы ресми мәлімдеме Қауымдастықтың әр бір мүшесіне олар көрсетілген мекенжайға жиберіледі.

8.8 Конференция өткізу туралы мәлімдеме мерзімі:

Конференцияны өткізу мерзіміне дейін 1 (бір) айдан кем болмауы тиіс. Мәлімдеме: күн тәртібінен, мерзімінен, қатысуышыларды тіркеу орны мен ұсынынан тұруы тиіс. Мәлімдемеге күн тәртібін қарауға қажетті құжаттар жиберіледі.

8.9 Қауымдастықтың нақты мүшелерінің жалпы санының 2/3 бөлігінің ұсынысы бойынша күн тәртібіне қосымша мәселелер енгізіле алады. Қосымша мәселелерді қарау қажеттілігі туралы ұсыныстар оларды енгізуінен қысқаша негіздемесімен Президентке жылдық Конференция өткізуге дейін 15 (он бес) күннен кешіктірілмей және кезектен тыс Конференция өткізуге дейін 20 (жиырма) күннен кешіктірілмей жиберілуі тиіс. Президент Конференцияның күн тәртібіне қосымша мәселелерді енгізу туралы, немесе енгізуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Қауымдастық мүшелері міндетті тұрде қосымша мәселелерді күн тәртібіне
~~жөндеу~~ туралы Президенттің шешімі жөнінде ақпарат алады.

8.10 Президент, егер қосымша мәселелерді қарау үшін уақыт талап ететін

~~жөндеу~~ қосымша іс-шаралар жүргізу қажет болған жағдайда, Конференцияның~~күн тәртібіне~~ оларды енгізуден бас тартуға құқылы. Осы мәселелер,~~олардың~~ өзектілігіне қарай, Қауымдастықтың жақын арадағы Конференциясында қаралады.

8.11 Конференцияның күн тәртібінен тыс мәселелерді қарауға рұқсат

~~етілемейді.~~

8.12 Егер Конференцияда Қауымдастықтың нақты мүшелерінің жартысынан

~~көбі~~ қатысып отырса, ол занды болып саналады.

8.13 Конференцияда шешімдер, Жарғымен қарастырылған жағдайларды

~~жөндеуде~~ көспағанда, ашық және сырттай дауыс беру жолымен, нақты мүшелердің~~жаралайым~~ дауыстар көпшілігімен (қатысып отырған мүшелердің жартысына~~бір мүше қосылғанда~~ қабылданады. Қауымдастық қызметін оңтайлы және~~оперативті~~ басқару мақсатында Президент Конференцияны өткізуінді сырттай~~тәртібін~~ белгілеуге құқылы.

8.14 Қауымдастықтың құрылтайлық құжаттарына өзгерістер мен

~~төлек~~ толықтырулар енгізу дауыс беру жолымен жүзеге асырылады және~~Қауымдастықтың~~ нақты мүшелерінің абсолютті дауыстар көпшілігі болу~~берисында~~ қабылданады.

8.15 Конференция жұмысын Қауымдастық Президенті басқарады, ол

~~болжаған~~ жағдайда, Конференция төрағаны сайлайды.

8.16 Қауымдастық Президентінің шақыруы бойынша Конференцияға

~~кадағалаушылар~~ ретінде Қауымдастық қызметіне мүдделі жеке тұлғалар~~мен занды тұлғалардың~~ өкілдері қатыса алады.

9-бап. АТҚАРУШЫ КОМИТЕТ

9.1 Атқарушы комитет Қауымдастықтың алқалық атқарушы басқару органы

~~болжағанда~~ болып табылады және Қауымдастықтың ағымдағы қызметіне басшылық етеді.

9.2 Атқарушы комитеттің Президент басқарады және ол Қауымдастықтың

~~жөндеу~~ вакты мүшелерінен тұрады. Президенттің ұсынысы бойынша Атқарушы~~комитеттің~~ құрамына Қауымдастық қызметіне қатыстырылған жеке тұлғалар~~мен занды тұлғалардың~~ өкілдерінің ішінен қосымша кандидатуралар кіргізіле~~шалады.~~ Атқарушы комитеттің құрамы Президент бүйрекімен қалыптасады~~және~~ бекітіледі.

9.3 Атқарушы комитеттің мүшесін ауыстыру қажеттілігі жағдайында

~~жөндеу~~ Президент жаңа мүшени тағайындауды, оның уәкілеттіктері тиісті мерзім~~жөндеу~~ дейін әрекет етеді.

9.4 Атқарушы комитет өз мәжілістерін қажеттілікке қарай, бірақ жылына

~~жөндеу~~ бір рет жүргізеді. Атқарушы комитеттің мәжілістерін Президент~~шашырады.~~ Атқарушы комитеттің шешімі, егер оның мәжілісінде оның~~мүшелерінің~~ кемінде жартысы қатысып отырған болса, занды болып саналады.

Атқарушы комитеттің шешімі қарапайым дауыстар көпшілігімен

қабылданады. Дауыстар теңдігі барысында, Президенттің дауысы шешуші болып табылады. Дауыс беру жосығын Атқарушы комитет белгілейді.

9.5 Атқарушы комитеттің айрықша құзыреттеріне келесілер жатады:

- Қауымдастықты дамыту стратегиясын бекіту;
- Қауымдастық қызметінің жылдық жоспарын және бюджетін бекіту;
- Қауымдастық Конференциясының шешімдерін орындауды қамтамасыз ету бойынша іс-шараларды жүргізу жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлеу;
- Қауымдастық мүшелігінен шығару туралы шешім қабылдау;
- Қауымдастықтың Президенттің және Ревизиялық комиссиясының мүшелерін сайлауга немесе қайта сайлауга ұсыну;
- тұлғаларды мемлекеттік және басқа марапаттарды алуға, оның ішінде Қауымдастықтың «Құрметті президент», «Құрметті вице-президент», «Құрметті мүшесі» атағын беруге ұсыну;
- Қауымдастық мүшелерінің кіру, мүшелік және мақсатты жарналарын төлеу көлемін, тәртібін, мерзімдерін және төлем нысандарын белгілеу;
- Қазакстан Республикасының «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Занының 36 және 37 баптарына сәйкес, мұдделі тұлғалармен мәмілелерді (мұдделердің шиеленісі) бекіту;
- Конференцияның айрықша құзыреттеріне жатпайтын басқа да мәселелерді шешу.

9.6 Қауымдастық қызметінің мәселелері бойынша шешімдерді жедел қабылдау максатында Атқарушы комитеттің функциялары Қауымдастық Президенттің шешімі негізінде Қауымдастықтың АК Бюросына табысталуы мүмкін.

10-бап. АТҚАРУШЫ КОМИТЕТ БЮРОСЫ

10.1 Атқарушы комитет Бюросы (АК бюросы) Президенттің және Қауымдастықтың атқарушы директорының алдында есеп беретін Қауымдастықтың алқалы органы болып табылады.

10.2 Атқарушы комитет Бюросын Президент немесе Қауымдастық Президенттің бүйрығымен шешуші дауыс беру құқығымен тағайындалған Атқарушы директор басқарады.

10.3 АК Бюросының құрамы Қауымдастық Президенттің бүйрығымен қалыптасады және бекітіледі.

10.4 АК Бюросы өз қызметін қажеттілікке байланысты өткізілген мәжіліс нысанында жүзеге асырады.

10.5 АК Бюросының төрағасы АК Бюросының мәжілісін шақырады және күн тәртібін қалыптастырады.

10.6 АК Бюросының төрағасы Атқарушы комитет орнатқан тәртіпте Атқарушы комитетке АК Бюросы қабылдаған шешімдер туралы хабарлайды.

10.7 Атқарушы комитет Бюросының мәжілісі онда кемінде 3 мүше қатысып отырған жағдайда, занды болып саналады. Эр бір мүшенің бір дауысы болады. Дауыс беруге мәжіліске қатысып отырған мүшелер қатысады. Атқарушы комитеттің шешімдері қарапайым дауыстар көпшілігімен қабылданады. Дауыстар тен болған жағдайда, АК Бюросы төрағасының дауысы шешуші

болып табылады. Мұдделер шиеленісі туындаған жағдайда АК Бюросының мүшелері күн тәртібінің шиеленіскең мәселесі бойынша дауыс беруден бас тартуы тиіс. Күдікті жағдайларда АК Бюросының терағасы тиісті мүшенің дауыс беру құқығы туралы шешім қабылдауы тиіс.

10.8 АК Бюросы:

- Федерация мүшелері қабылдайтын жарғыларды, ережелерді және бокс бойынша басқа нормативтік актілерді келіседі;
- боксты дамытудың бекітілген бағдарламаларын жүзеге асырады, Қауымдастықтың басқару органдарының шешімдерін орындауға бағытталған іс-шараларды әзірлейді және іске асырады;
- «Бокс» спорт түрі бойынша ережелерді, регламенттерді және басқа нормативтік актілерді бекітеді, оларды орындауға бақылау жүргізу жүйесін, оның ішінде тыйым салулар мен шектеулер жүйесін орнатады;
- ағымдағы жылдың 1 қазанынан кешіктірмей алдыңғы жылға Бокс бойынша спортық-бұқаралық іс-шаралардың бірыңғай күнтізбелік жөнспарын бекітуді қалыптастырады, оны дene шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті органға бекітуге береді, сонымен қатар, оны іске асыруға бақылау жасайды;
- Қауымдастықтың ресми спортық іс-шараларды жүргізу кезеңділігін бекітеді;
- бокс бойынша аймақаралық, ұлттық және халықаралық ресми жарыстары және Қазақстан Республикасының басқа да ресми спортық іс-шаралары туралы ережелерді бекітеді;
- спортшылардың кәсіптік даярлығын, төрешілердің, бапкерлердің және бокс бойынша басқа мамандардың, сонымен қатар бокс әуесқойларының белгілілігін арттыру, қайта дайындау бағдарламаларын қалыптастырады, бекітеді және іске асырады;
- бокс бойынша халықаралық ресми спортық іс-шараларға қатысу мақсатында, ҚР спортық құрама командаларын дайындау үшін бапкерлердің, ғылыми және медициналық персоналдың, басқа мамандардың, оның ішінде, шетел азаматтарының, азаматтығы жоқ тұлғалардың құрамын қалыптастырады;
- Қазақстан Республикасының бокс бойынша Ұлттық құрамасының бас бапкерінің ұсынысы бойынша Қазақстандық бокс федерациясының Ұлттық құрама командаларының құрамын қалыптастырады;
- ҚР бокс бойынша құрама командаларының қатысуына әрі бапкерлер мен және спортшылардың және бокс бойынша ҚР Ұлттық құрама командасын дайындау бойынша басқа мамандардың қызметіне баға беру жүргізеді;
- спортшыларды, оларды бокс бойынша ҚР спортық құрама командасына жүргізу үшін, оның ішінде Олимпиялық ойындарға қатысу үшін іріктеу елшемдерін бекітеді;
- Қауымдастық мүшелеріне, құрама командалардың мүшелеріне, бапкерлер мен басқа тұлғаларға қатысты, бокс саласында допингке қарсы,

тәртіптік және басқа ережелерді бұзы фактісі бойынша тыңдаулар жүргізеді және шешімдер шығарады;

- заңнама аясында Қауымдастықтың, сондай-ақ өз филиалдары мен өкілдіктерінің басқа заңды тұлғалардың құрамынан шығуы туралы шешімдер қабылдайды;

- Қауымдастық құрылтайшы болып қатысатын заңды тұлғалардың, Қауымдастық филиалдары мен өкілдіктердің басшыларын тағайындайды және оларды мерзімінен бұрын қызметтөн босатады;

- Қауымдастықтың атынан шәкіртақылар, гранттар, сыйақылар, сыйлықтар, марапаттар құру және бөлу.

10.9 АК Бюросының Конференцияның және Атқарушы комитеттің айрықша құзыреттеріне жатқызылмаған, Қауымдастықтың басқа мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға құқыбы бар.

10.10 Атқарушы комитет Бюросы Қазақстан Республикасының колданыстағы заңнамасына және тиісті заңды тұлғалардың құрылтайлық құжаттарына сәйкес, құрылтайшының айрықша құзыреттеріне жатқызылған мәселелер бойынша, Қауымдастық құрылтайшы болып қатысатын заңды тұлғаларға қатысты шешімдер қабылдауға уәкіледті.

11-бап. ПРЕЗИДЕНТ

11.1 Президент Атқарушы комитетпен белгіленген тәртіpte, Қауымдастықтың Атқарушы комитетін басқарады, Қауымдастықтың ағымдағы қызметін басқаруды жүзеге асыруға құқылы.

11.2 Президентті Конференция 4 (төрт) жыл мерзімге сайлайды және қызметке Конференцияның шешімі бойынша қайта сайланады немесе қызметінен босатылады.

11.3 Жарғының 11.1-тармағымен қарастырылған жағдайда, Президент Қауымдастықтың барлық ағымдағы мәселелері бойынша өздігінен шешім қабылдайды.

11.4 Президенттің Конференцияның айрықша құзыреттеріне жатқызылған Қауымдастық қызметінің мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқығы **жок**.

11.5 Президент Қауымдастықтың сенімхатсыз әрекет етеді және оның ұйдделерін қорғайды.

11.6 Қауымдастық Президенті:

- Конференцияда төрағалық етеді;
- Атқарушы комитет құрамын, Қауымдастықтың Атқарушы комитетінің Бюросын қалыптастырады және бекітеді;
- барлық мемлекеттік, қоғамдық, халықаралық және шетелдік ұйымдармен қартинастарда Қауымдастықты ұсынады;
- жарғылық қызметті жүзеге асыру үшін қосымша қаржылық және материалдық көздерді тартады;
- Қауымдастықтың құрылымын бекітеді;
- Атқарушы дирекцияның штаттық кестесі мен еңбек төлемі қорының

- көлемдерін және ішкі ережелерін бекітеді;
- техникалық делегаттарды халықаралық жарыстарға жібереді;
 - Қауымдастықтың мүлкіне және ақша қарожаттарына иелік етеді;
 - несиелік мекемелерде есептік және басқа да шоттарды ашады және жабады;
 - Қауымдастықтың атынан сенімхаттар береді;
 - Қауымдастықты Халықаралық Бокс Қауымдастығында (AIBA), Қазақстан Республикасының ұлттық олимпиялық комитетінде, халықаралық конгрестерде және басқа халықаралық іс-шараларда таныстырады;
 - халықаралық комиссиялардың және Халықаралық Бокс Қауымдастығының (AIBA) құрамына кандидатуралар ұсынады және бекітеді;
 - оның құзыреттілігіне жататын мәселелер бойынша Қауымдастықтың барлық мүшелерінің орындауы үшін міндетті бұйрықтар мен өкімдер шығарады, нұсқамалар береді.

11.7 Президент нақты бас тартуға дейін 2 (екі) айдан кешіктірмей Атқарушы комитетті жазбаша нысанда ескерту арқылы өз міндеттерін орындаудан бас тартуға құқылы. Президенттің өз міндеттерін орындаудан бас тартуы жағдайында, кезектен тыс Конференция шақырылады, онда жаңа Президент сайланады.

12-бап. ВИЦЕ-ПРЕЗИДЕНТТЕР

12.1 Қауымдастықтың вице-президенттері Президенттің бұйрығы бойынша қызметке тағайындалады және мерзімінен бұрын қызметтен босатылады.

12.2 Вице-президенттер Президентке оның міндеттерін орындауда көмектеседі, оларға тапсырылған жұмыс бағыттары үшін жауапкершілік артады. Қажеттілік туындаған жағдайларда, Президенттің нұсқауы бойынша оны алмастырады.

12.3 Вице-президенттер тұрақты әрекеттегі комиссиялардың қызметіне бақылау жасауды жүзеге асырады: қаржылық; маркетингтік; занды; сottық; этика және фейр-плей; чемпионаттар; техникалық; бапкерлік; медициналық; ғылыми-зерттеулік; әйелдер; жастар; ардагерлік; ғоғамдықпен байланыс жасау және БАҚ бойынша.

12.4 Вице-президенттер өз қызметінде тікелей Қауымдастықтың Президентіне бағынады.

12.5 Вице-президент нақты бас тартуға дейін 2 (екі) айдан кешіктірмей Президентті жазбаша нысанда ескерту арқылы өз міндеттерін орындаудан бас тартуға құқылы. Вице-Президенттің өз міндеттерін орындаудан бас тартуы жағдайында, Президент бұйрықпен жаңа Вице-Президентті сайтайды.

13-бап. АТҚАРУШЫ ДИРЕКТОР

13.1 Атқарушы директор Қауымдастық қызметінің жалпы әкімшілігін

~~Атқарушы~~ және жүзеге асырады.

~~Атқарушы~~ директор Президенттің бұйрығымен қызметке және мерзімінен бұрын қызметінен босатылады. Өз ~~Атқарушы~~ Атқарушы директор тек Қауымдастық Президенттіне ғана ~~байланыс~~.

~~Атқарушы~~ директор келесілерге жауапты:

- Конференция, Президент және Атқарушы комитет, Қауымдастықтың АК Бюросы себілдаған шешімдерді іске асыруға;
- Қауымдастықтың шоттарын тиісінше басқаруға және жүргізуғе;
- ес күзінеті шенберінде Қауымдастықтың барлық банктік кіріс және ~~шартты~~ төлемдік құжаттарына қол қоюға;
- Қауымдастық бюджетінің орындалуы туралы есептілікке;
- Атқарушы комитет пен АК Бюросы мәжілістерінің хаттамаларын ~~жүргізу~~;
- Атқарушы дирекция қызметкерлерін қызметке іріктеуге;
- Қауымдастықтың ұзақ мерзімді стратегиясын әзірлеуге;
- Қауымдастықтың Атқарушы дирекциясының қызметін үйлестіруге;
- КР мемлекеттік бапкерімен және КР бокс бойынша ұлттық құрама ~~командаларының~~ бапкерлік құрамымен қызметті үйлестіруге;
- Қауымдастық мүшелерімен, Қазақстан Республикасының спорттық ~~шартты~~ командаларының мүшелерімен олардың ұлттық құрама команда ~~шарттында~~ жарыстардың жағдайлары мен оларға қатысу туралы шарттар мен келісімшарттар, келісімдер жасауға;
- ес күзінеті шегінде бұйрықтар мен өкімдер шығаруға;
- Конференция, Атқарушы комитеттің мәжілісі үшін құжаттардың ~~шарттында~~ орындалуына бақылау жасауға;
- Қауымдастық Президенттің бұйрықтарының орындалуына бақылау жасауды жүзеге асыруға;
- Қауымдастықтың қажетті құжаттарын Қауымдастықтың Президенттімен және Вице-Президенттерімен келісуге.

14-бап. РЕВИЗИЯЛЫҚ КОМИССИЯ

14.1 Қауымдастықтың қаржылық-шаруашылық қызметіне бақылауды Конференциямен 1 (бір) жыл мерзімге 3 (үш) адам құрамында сайланатын Ревизиялық комиссия жүзеге асырады.

14.2 Ревизиялық комиссия жыл сайын кемінде бір ревизиялық тексеріс ~~шарттында~~ жүргізеді.

14.3 Өз тексерісінің нәтижелері туралы Ревизиялық комиссия Конференцияның алдында есеп береді.

14.4 Қауымдастықтың нақты мүшелерінің абсолютті көпшілігінің талабы бойынша Ревизиялық комиссия Қауымдастыққа кезектен тыс ревизиялық тексеріс жүргізе алады.

14.5 Ревизиялық комиссия Қауымдастықтың барлық мүлкіне тексеріс және ревизия, әрі жыл бойы жүргізілген жұмыстарға, сонымен қатар,

Қауымдастықтың тиісті шығындарына тексеріс жүргізе алады.

14.6 Ревизиялық комиссияның Қауымдастықтың барлық құжаттамасына сөзіз қол жеткізу құқығы бар. Ревизиялық комиссияның талабы бойынша Атқарушы комитеттің мүшелері және жауапты тұлғалар жазбаша немесе туында нысанда қажетті түсініктемелер беруге міндettі.

14.7 Атқарушы комитет мүшелерінің және Қауымдастықтың қызыметкерлерінің тарапынан асыра пайдаланушылық немесе Қауымдастықтың айтарлықтай мүдделеріне қауіп туында барысында, Ревизиялық комиссия Президентке ақпарат беруге міндettі.

14.8 Конференция Қауымдастықтың Ревизиялық комиссиясын мерзімінен бірден қайта сайлай алады.

15-бап. ҚҰРЫЛТАЙЛЫҚ ҚҰЖАТТАРҒА ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕҢГІЗУ ТӘРТІБІ

15.1 Осы Жарғыға өзгерістер және (немесе) толықтырулар тек Конференция шешімімен ғана енгізіле алады. Қауымдастық Жарғысына ынғылған өзгерістер мен толықтырулар заңнамада белгіленген тәртіpte түркесте жатады.

16-бап. ҚАУЫМДАСТЫҚТЫ ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТИН ТОҚТАТУ ШАРТТАРЫ

16.1 Қауымдастықты қайта ұйымдастыру Қазақстан Республикасының көлданыстағы заңнамасымен қарастырылған тәртіpte жүзеге асырылады. Қайта ұйымдастыру қосылу, біріктіру, бөлу және қайта құру нысанында жүзеге асырыла алады.

16.2 Қауымдастықты жою Конференция шешімі бойынша ерікті түрде немесе сот шешімі бойынша мәжбүрлік тәртіpte жүргізіледі.

16.3 Конференция жою комиссиясын тағайындейды және Қауымдастықты жою тәртібі мен мерзімдерін орнатады.

16.4 Жою комиссиясы тағайындалған сәттен бастап оған Қауымдастықтың мүлкін және істерін басқару бойынша уәкілдептіктер аудысады.

16.5 Жою комиссиясы БАҚ-да Қауымдастықтың жойылуы, оның несиегерлерінің талап ету тәртібі және мерзімі туралы жариялады.

16.6 Несиегерлердің талап ету мерзімі өткеннен кейін жою комиссиясы туралық жою балансын құрады. Аралық жою балансын Конференция берітеді.

16.7 Қайта ұйымдастырылу немесе қызметін тоқтату барысында барлық құжаттар (басқарушылық, қаржылық-шаруашылық, жеке құрам бойынша және т.б.), заңнамамен орнатылған ережелерге сәйкес, оның құқық қабылдаушысына беріледі.

17-бап. ҚАУЫМДАСТЫҚТЫҢ ЖОЙЫЛУ ЖАҒДАЙЫНДА МУЛІКТІ ПАЙДАЛАНУ ТӘРТІБІ

17.1 Жойылу барысында, несиегерлердің талабынан кейін қалған мүлік

нemесе оның құны Қауымдастық құрылған мүдделерге және (немесе) қайырымдылық мақсаттарға жіберіледі.

18-бап. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

18.1 Осы **Жарғымен реттелмеген барлық мәселелер бойынша Қауымдастық Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын және Халықаралық Бокс Қауымдастығы (AIBA) Жарғысын басшылыққа алады.**

**«Қазақстандық бокс федерациясы»
қауымдастығы түрінде біріккен
занды тұлғалар бірлестігінің
Президенті**



Т. Құлыйбаев

УТВЕРЖДЁН
Решением годовой Конференции
ОЮЛ в ФА «Казахстанская федерация бокса»
от «20» мая 2016 года
Протокол № 21

Конференция годовая Конференция объединения юридических лиц Федбокса Казахстанской Федерации Бокса и Ассоциации бокса Казахстана, состоявшаяся в г. Нур-Султан (бывший г. Астана) в здании Университета Нурсултана Назарбаева, 20 мая 2016 года, на основании Устава Федбокса Казахстанской Федерации Бокса и Ассоциации бокса Казахстана, Решение Конференции о принятии Протокола № 21, принял решение о принятии Устава Федбокса Казахстанской Федерации Бокса и Ассоциации бокса Казахстана.

Устав Федбокса Казахстанской Федерации Бокса и Ассоциации бокса Казахстана, в форме ассоциации, имеет юридическую форму и функции, определенные в Уставе Федбокса Казахстанской Федерации Бокса и Ассоциации бокса Казахстана.

Устав Федбокса Казахстанской Федерации Бокса и Ассоциации бокса Казахстана, включая Титул, Текст Устава, Правила внутреннего у устройства и деятельности Федбокса Казахстанской Федерации Бокса и Ассоциации бокса Казахстана, подлежат обязательному соблюдению всеми членами Федбокса Казахстанской Федерации Бокса и Ассоциации бокса Казахстана.

УСТАВ

Объединения юридических лиц в форме ассоциации «КАЗАХСТАНСКАЯ ФЕДЕРАЦИЯ БОКСА»

Устав Федбокса Казахстанской Федерации Бокса и Ассоциации бокса Казахстана, включая Титул, Текст Устава, Правила внутреннего у устройства и деятельности Федбокса Казахстанской Федерации Бокса и Ассоциации бокса Казахстана, подлежат обязательному соблюдению всеми членами Федбокса Казахстанской Федерации Бокса и Ассоциации бокса Казахстана.

Федбокс Казахстанской Федерации Бокса и Ассоциации бокса Казахстана, включая Титул, Текст Устава, Правила внутреннего у устройства и деятельности Федбокса Казахстанской Федерации Бокса и Ассоциации бокса Казахстана, подлежат обязательному соблюдению всеми членами Федбокса Казахстанской Федерации Бокса и Ассоциации бокса Казахстана.

Федбокс Казахстанской Федерации Бокса и Ассоциации бокса Казахстана, включая Титул, Текст Устава, Правила внутреннего у устройства и деятельности Федбокса Казахстанской Федерации Бокса и Ассоциации бокса Казахстана, подлежат обязательному соблюдению всеми членами Федбокса Казахстанской Федерации Бокса и Ассоциации бокса Казахстана.

город Астана

Статья 1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

1.1. Объединение юридических лиц в форме ассоциации «Казахстанская федерация бокса» (далее - Ассоциация) является юридическим лицом и осуществляет свою деятельность в соответствии с Гражданским Кодексом Республики Казахстан, Законом Республики Казахстан «О некоммерческих организациях», Законом Республики Казахстан «О физической культуре и спорте», Олимпийской Хартии Международного Олимпийского Комитета, Уставом ОО «Национального Олимпийского Комитета Республики Казахстан» (далее – НОК РК) и другими нормативными правовыми актами Республики Казахстан (далее именуемые совместно – законодательство), настоящим Уставом (далее - Устав), а также Уставом Международной Ассоциации Бокса (AIBA).

